

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 15 маусымдағы № 10 шешімі

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Айыртау аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторының 2024 жылғы 12 маусымдағы № 06-05/78 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округінің Гусаковка ауылындағы "Гусаковка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ірі қара мал арасында бруцеллез бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғақы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

С.Оспанов